



Шерхан Мұртаза



Өмірбаяны

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Жазушының шын есімі – Шері. Қазақтың айбарлы, қайратты жыртқыш аңы – барысқа байланысты қойылған.

- Алғашқы кітабі 26 жасында «Құрылысшы Дәку» деген атпен жарық көрді.

Әкесі Мұртаза 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Шерхан Мұртаза 8 жасында қазіргі Жуалы ауданы өзі туған Талапты ауылындағы мектептің бірінші сыныбына барған. Әкесіне ерте айырылған бала оқу мен еңбекке ерте араласады. Балалық шағы да соғыстың тауқыметті кезеңдерімен тұспа-тұс келген. Сондықтан болар жазушының түсіне жиі балалық шағы оралып отырған. Тауқыметті кезеңдерді бастан өткізген соң болар, жазушының балалық шағы бала көңілмен өтпеді.



Шығармашылығы

Тұңғыш кітабы — “Құрылысшы Дәку” очерктер жинағы 1958 жылы жарық көрді. Қазіргі замандас бейнесі, соғыс жылдарындағы тылдағы адамдардың қажырлы еңбегін баяндаған “Табылған теңіз” (1963), “Бұлтсыз күнгі найзағай” (1965), “Белгісіз солдаттың баласы” (1967), “Мылтықсыз майдан” (1969), “41-жылғы келіншек” (1972), “Ахметжанның анты” (1973), т.б. повестер мен “Интернат наны” (1974) атты әңгімелер жинақтары жарияланды. Өндірістің дамуы жөнінде, адам мен қоршаған ортаға қамқорлық туралы маңызды мәселелер көтерген, ғылыми-техникалық төңкеріс жайын сипаттаған “Қара маржан” (1976; ҚР Мемлекет сыйлығы, 1978) романы, мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың өміріне арналған (“Қызыл жебе”, 1, 2-кіт. 1980; “Жұлдыз көпір”, 3 кіт., 1984) роман-трилогиясы басылды. Драматургия саласында жазушының “Қызыл жебе” (1987, Қ.Ысқақовпен бірге), “Сталинге хат” (1988), сондай-ақ “Бесеудің хаты” (1989) атты пьесалары қойылды. «41-ші жыл келіні», «Интернат наны», «Жүрек қартаймайды» әңгімелер жинақтарының; «Қара алқа», «Қызыл садақ» романдарының; «Сталинге хат», «Бесеудіңхаты», «Бесінші бұрыш» пьесаларының авторы.



«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің тілшісі, әдеби қызметкері болды. 1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» газетінің редакторы.

Содан кейінгі уақытта «Жазушы» баспасының, «Жалын» альманахының, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

1989-1992 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1992–1994 жылдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы болып істеді. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болған.



Шетелдегі аудармалар:



Шерхан Мұртаза – әлем әдебиетінің классик жазушыларының шығармаларын аударған аудармашы. Шерхан Мұртаза шығармашылық жолын студент кезінде Л. Лагиннің “Хоттабыч қарт”, М.Кәрімнің “Біздің үйдің қуанышы” шығармаларын қазақ тіліне аударумен бастады. Ол Г.Х. Андерсеннің әңгімелерін, венгр халық ертегілерін, Ш.Айтматовтың “Ботагөз”, “Қош бол, Гүлсары”, “Теңіз жағалап жүгірген тарғыл төбет” повестерін, “Боранды бекет”, “Жанпида” романдарын қазақ тіліне аударды. Екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді (1982). Ш. Айтматовтың туындыларын қазақ тіліне аударды.

Шерхан Мұртаза туралы пікірлер ойлар:

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ, жазушы:

Біз Шерханмен бір жерде туып-өстік, біз өзімізді бір іске – әдебиетке арнадық. Мен еш уақытта жалғызсыраған емеспін, менің бауырым Шерхан әдебиетте әрқашан менімен бірге келеді. Оны мен айрықша жоғары бағалаймын.

Тұманбай Молдағалиев,
халық ақыны:

Сен ән салдың

Сен ән салдың, сен тарихи
тағдырсың,
Жаз таңында жауып өткен
жаңбырсың.

Сені күнде аялайтын, аяйтын,
Көңілімде өзің айтқан ән жүрсін.

Сен ән салдың, тыншымайсың
неге сен,

Арманыңа жетші дей ме жер
әсем.

Бәрін айтып кетші дей ме
ұрпаққа,

Тұрар ағам үйіндегі жеңешем.

Фариза Оңғарсынова, ақын:

Жұлдыз тағдырлы жазушы

Заманның кешсеңіз де сын
мұздағын,

Бір сәтке бұзбадыңыз шындық
заңын.

Періште болсам бір сәт
кеудеңізге,

Тағар ем көктің жақұт
жұлдыздарын.

Бұл қазақ сан ғұмырдан күйік
шеккен,

Қырық ру қырандарды жиып
шеттен.

Шер-аға, Сіз ғанасыз бұл қазақта
Жерлестік, жүз дертінен биік
кеткен.

Шерхан Мұртазаның отбасы



Бала –Шерхан





МАҚСАТЫ БІР АДАМДАРМЕН






("Егемен Қазақстанның" нағыз ел газетіне айналған тұсы. Ұжым. Ортада әйгілі бас редактор, халық жазушысы - Шерхан Мұртаза)







012













“ШЕРХАНТАНУ” ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ







Біреулерге Құдай бәрін
береді. Байлық та бар, алтын,
гауһар, інжу-маржан – бәрі
бар. Төрт құбыласы сай.

Бірақ, Иман жоқ.

Ең сорлы адам – сол.

И. Мұхамедов



Тура келген ажалға амал жоқ. Ал көпе-көрнеу
сол ажалды тежей тұруға болатын сәтте қол
ұшын бермеу – тасқұдайлық!

Шерхан Мұртазаның «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді



Таланттар раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар
шашады, көңіл ашады. Тікені, азабы өзіне.


Талантсыз топастар тікен сияқты. Гүлдемейді.
Сүйкімсіз. Азабы өзгеге. Жамандық солардан.

Шерхан Мұртазаның «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді



Бұл заманда келі мен келісап үйіңде болмаса да,
музейде тұр. Алдыға қарап тірлік ет.
Өткенге қарап шүкірлік ет.
Шіркін, бір кем дүние. Ұмытшақпыз..

Мерхан Муртазаның «Бір кем дүние» әңгімесінен үзінді



Қарның ашса — қайғырасың. Тамақ іздей
бастайсың.
Ұйқы басса — қалғысың. Ұйықтап аласың.
Шаршасаң — демаласың. Тынығасың.
Ауырсаң — емделесің. Сауығасың.
Осының бәрін сезінесің де, әрекет жасайсың.
Әйтеуір, өлмеудің амалы.

Шерхан Мұртазаның «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді





Бәрін Алла біледі. Дүние әлемді әдемі қалпына келтіремін десе – бәрі де Алланың алақанында. Ашса да, жұмса да өзі біледі.

Адамда бәрі де бар болуы мүмкін. Әйтеуір, бірдеңе жетпей тұрады.

Шерхан Мұртазаның «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді



Қазіргі байлар – аждаһа, түйені түгімен, кемеңі жүгімен жұтса да тоймайды.

Мұнай теңізі жұтылып жатыр.

Төбеден төмен қарай төгілген байлық мұртты жағалай ағады, ауызға түспейді.

Түспесе түспесін. Халық аман болсын. Ел бар болсын.

Шерхан Мұртазаның «Бір келі дүние» әңгімесінен үзінді




Ұрпақсыздар ұмытылады.

Өмір заңы солай.

Ал менен кітаптар қалар.

Олар ұрпақты жалғастыра ала ма?

Шерхан Мұртазаның «Бір келм дүние» әңгімесінен үзінді



Жалаң тарих көркем пьеса болмайды ғой.
Тарихқа жан бітіру керек. Әбілқайырдың
Әбілқайыр екеніне, Фатиманың Фатима
екеніне көрермен шыннан сенуі керек.

Шерхан Мұртазалың «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді



Біз тым-тым азбыз ғой. Аздың маңдайында бақ
тұрмайды деуші еді ғой.

Кейбір елдер сияқты бізге жер жетпей жатқан жоқ.

Шыннан болашақты болжай алмайтын, бір күндік
қарынды ғана ойлайтын бейқам елміз бе?


Үкімет, Парламент құр кекірік атып отыра бере ме?

Кәрі қыздар мен Сүрбойдақ жігіттер көбейді.

Ойлан, Үкімет!


Шаңырақ болмай, шарана да болмайды.

Шерхан Мұртазаның «Бір кел дүние» әңгімесінен үзінді



**Әлі де «ов» пен «ев», «ин», «ич»
дегендер маңдайларына тушыпен
жазылғандай, өмірі кетпейтін таңбалар көп.
Арада ұрпақ өтер. Келер ұрпақ тазаланар.**

Шерхан Мұртазаның «Бір келм дүние» әңгімесінен үзінді



**«Мектеп қартаймайды -
Мектеп бітіргендер қартаяды»**

Шержан Мұртазаның «Бір келм дүние» әңгімесінен үзінді



Ол жазушы, журналистіктен
бұрын ақын ретінде танылған.
Алайда Зейнолла Қабдоловтың
сынынан кейін өлең жазуды қойған

ШЕРХАН МҰРТАЗА



Асық пен төсбелгі
жинағанды жақсы көреді

ШЕРХАН МҰРТАЗА



Тұрар Рысқұловтың өмірі
жөнінде бес кітап жазды

Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты драмасына арқау болған — ел басына түскен азапты күндер, қолдан жасалған аштықтан қырылған екі миллион халықтың тағдыры. Драматург сол кездегі өкімет басшыларымен, оның қасындағы жандайшаптардың бейнесіне жан бере суреттейді.



ШЕРХАН МҰРТАЗА



Алты жерде
редакторлық қызмет атқарды



«Қазақстан» Ұлттық
телеарнасының
«Таңшолпан» бағдарламасы
Шерхан Мұртазаның
бастамасымен әзірленген

ШЕРХАН МҰРТАЗА



«Лениншіл жас» газетіне
редактор боп келгенде
бұрын 30 мың таралыммен
шыққан газетті 150 мың
таралымға дейін жеткізген




Әйелі: Ақбілек Кененқызы, Мәрия Ағыбайқызы

Ұлы - Батылжан Шерханұлы, қызы - Алма Шерханқызы



Қазақстанның халық
жазушысы Шерхан Мұртаза
86 жасында өмірден өтті.

Кітаптары:




Шерхан
Мұртаза



Тілсіз қоңырау

Шерхан
Мұртаза



Сусамыр

Шерхан
Мұртаза



Бір нәзік сәуде



Шерхан Мұртаза

Сталинге хат

ҚАЗАҚСТАН

ТАРАЗ

Шерхан
МҰРТАЗА

БІР КЕМ ДҮНИЕ



Шерхан
Мұртаза




Интернат наны

Шерхан
Мұртаза



Айырбас

Шерхан
Мұртаза



Мақалалар, публицистикалық
толғамдар, хаттар





«Шерхан Мұртаза!»



Іштегіні жазбасам - шер тарқата,
Ішке қайғы сыя ма - ШЕРХАН АТА?!
Сен де ендің құшағына қара жердің,
Болсаң-дағы жазушы -Ел таңдаған

@ALTYNAY_AMAN_POETRY

Ішті өртеп барады кеткендігің!
Жүрген жолдың соңына жеткендігің!
Сезінемін сендей жандар кетсе өмірден-
Өзің жазған «Дүниенің бір кемдігін»!

© АЛТЫНАЙ АМАН

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !!!**